

10. Saғындықов Е. *Qazaqtyñ ulttyq ойындары*. - Almaty: Raýan, 1991. – 192 b.
11. Qaliev S. *Halyq pedagogikasynyñ negizderi*. - Almaty: Raýan, 1996. – 144 b.
12. *Ulttyq ойынды оқы үдерisine qoldan jasalğan-ádilettilik quraly: oqy ádilettilik quraly/; Á. Q. Ahmetov, Qazaqstan Respyblikasy bilim jáne ғылым ministri; L. N. Gýmilev atyndagý Eýrazia ulttyq ýniversiteti...* - Astana: L. N. Gýmilev atyndagý EÝÝ, 2008. - 88 b.
13. *Qazaq ulttyq ойыны asyqtan jarys ótkizý jáne uymdastyry [Mátin]: (ádildik qural) / [avtor.- qurast. K. T. Kakashev]. - I-Shygyys. ... - Qostanai, 2010. - 52 b.*
14. Aqajanova A. *Qazaqtyñ ulttyq ойындары jáne etnopedagogika*. - Almaty: Bilim, 2016.
15. Saғындықов Е. *Qazaqtyñ ulttyq ойындары*. - Almaty: Raýan, 1991. – 192 b
16. https://admin.bkogov.kz/sites_files/mektep-18bilimoralgov.edu.kz/bilimsad/2021-2022/oku%20adis/1723545668_%D0%B0%D1%81%D1%8B%D2%9B%20%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D1%8B%2021-22.pdf
17. *Akademalyq sózdik [elektronдық basylym] / HHI ғасырдағы Daǵdylar. Pedagogikalyq sheberlik akademiasy halyqaralyq ádistemelik ortalyǵy. Kirý rejimi: <http://www.akadem.irooo.ru/metodicheskie-resursy/akademicheskij-slovar>*
18. Verzuln N.M. *botanikany oqytý ádistemesiniñ negizderi / N. M. Verzuln. - Máskeý: akad baspasy. ped. RSFSR ғылымдары, 1955. – 820 s*
19. Vorotnikova A.I. *pedagogikalyq sózdik-anyqtamalyq: stýdentterge, magistranttarǵa, aspiranttar men pedagogtarǵa arnalǵan oqy-ádistemelik qural / A.I. Vorotnikova, T. L. Kremneva. - Máskeý; Berlin: Tikelei Media, 2017. - 1-bólim. - 73 b.*
20. Dewey J. *Experience and Education*. – New York: Collier Books, 1998.
21. Vygotsku I.S. *Balalyq shaqtaǵy qual men shyǵarmashylyq. – M., 1991. - 93 b.*

FTAXP 14.25.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.038>

Н.И.Джанбырбаева^{1*} 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылған. Ол үшін зерттеу мәселесінің өзектілігі нормативтік құжаттарға сүйене отырып айқындалып, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-педагогикалық, психологиялық еңбектерге шолу жасалып, әлеуметтік дағдыны дамыту мәселесінің қарастырылу жайы талданған. Соның негізінде «әлеуметтік дағды» ұғымына контент талдау ұсынылған. Жалпы әлеуметтік дағдыны құраушы дағдылар тобының әрқайсысына қысқаша мәлімет ұсынылып, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығы нақтыланған. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері белгіленген. Эксперименттік жұмыс кезендері жүйелілікпен баяндалған. Анықтаушы эксперименттік кезеңде бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларының қалыптасу деңгейлері диагностикалық әдістемелер арқылы анықталып, оның жақсартуды қажет ететіндей деңгейде болуына орай қалыптастырушы эксперименттік кезең жоспары құрылған және оның жүру барысы түсіндірілген. Зерттеу тақырыбы бойынша ұсыныстар әзірленген. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту мәселесі практикалық мәнділікке ие болуы себепті құнды зерттеу тақырыбы деп білеміз.

Түйін сөздер: оқушы, әлеуметтік дағды, қарым-қатынас, эмоция, өзара әрекет, рефлексия, топтық жұмыс.

Джанбырбаева Н.И.^{1*} 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНЫХ НАВЫКОВ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Аннотация

В статье рассматривается вопрос развития социальных навыков учащихся начальной школы. Для этого была определена актуальность исследовательской проблемы на основе нормативно-правовых документов, проведен обзор научных, педагогических и психологических работ, относящихся к теме исследования, и проанализировано рассмотрение вопроса развития социальных навыков. На этой основе представлен контент-анализ понятия «социальные навыки». Кратко изложена информация о каждой группе навыков, составляющих социальные навыки в целом, и разъяснена важность развития социальных навыков учащихся начальной школы. Определены компоненты, критерии и показатели развития социальных навыков учащихся начальной школы, а также уровни их формирования. Систематически описаны этапы экспериментальной работы. На пояснительно-экспериментальном этапе с помощью диагностических методов определяются уровни формирования социальных навыков учащихся начальной школы, а для обеспечения их соответствия уровню, требующему улучшения, составляется план формирующего экспериментального этапа и объясняется его ход. Разработаны рекомендации по теме исследования. Мы считаем, что вопрос развития социальных навыков у учащихся начальной школы является ценной темой для исследований ввиду его практической значимости.

Ключевые слова: ученик, социальные навыки, общение, эмоции, взаимодействие, рефлексия, групповая работа.

Janbyrbayeva N.^{1*} 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

METHODOLOGY FOR DEVELOPING SOCIAL SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

This article examines the development of social skills in elementary school students. To this end, the relevance of the research problem was determined based on regulatory documents, a review of scientific, pedagogical, and psychological works related to the topic of study was conducted, and approaches to the development of social skills were analyzed. Based on this, a content analysis of the concept of "social skills" was presented. This article briefly describes each skill group that makes up social skills as a whole, and explains the importance of developing social skills in elementary school students. The components, criteria, and indicators for developing social skills in elementary school students, as well as the levels of their development, are identified. The stages of the experimental study are systematically described. During the explanatory-experimental stage, diagnostic methods are used to determine the developmental levels of social skills in elementary school students. To ensure these levels correspond to the level requiring improvement, a plan for the formative experimental stage is developed and its course is explained. Recommendations for the research topic have been developed. We believe that the development of social skills in elementary school students is a valuable topic for research due to its practical significance.

Keywords: student, social skills, communication, emotions, interaction, reflection, group work.

Кіріспе. ХХІ ғасырда қоғамның талаптарына сай қалыптасу және болашақтағы табысты тұлға болу үшін тек академиялық білімді меңгеру жеткіліксіз, тұлға өзгелермен қарым-қатынас орнатуды игеріп, өзара әрекеттестікке түсе білуі, мәселені бірлесе шешу жолын меңгеруі, ортада өзін-өзі жетілдіре алатындай болуы қажет. Бұл тұлғаның әлеуметтенуін білдіреді. Тұлғаның әлеуметтенуі бала кезден әлеуметтік дағдыларды игеруі арқылы жүзеге асады. Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттердің бірі оқушыны әлеуметтік ортаға бейімдеу, бірлескен жұмысқа үйрету, әлеуметтік дағдыларын дамыту болып табылады. Әлеуметтік дағдыларды дамытудың қажеттілігі білім беру саласындағы нормативтік құжаттарда көрсетілген.

«Білім туралы» Заңның 3-бап 2-тармақ 1-тармақшасында заңның міндеттері былай берілген: «ұлтық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» [1]. Оқушы тұлғасының құндылықтарды сіңіріп, дамуы екі

жақты оқу-тәрбие үдерісіндегі өзара бірлескен әрекет арқылы қалыптасатынына сай, бұл құжат оқушының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңызын көрсетеді.

ҚР бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартында бастауыш білім беру мазмұнындағы ынтымақтастық айқындалғанын, сондай-ақ білім алушы тұлғасының үйлесімді дамуы үшін қажет кең ауқымды дағдылардың бірі ретінде коммуникация, тілдік дағдыларды меңгеру, топпен жұмыс істеу дағдылары аталған [2]. Коммуникация, топпен жұмыс істеу дағдылары әлеуметтік дағды аясындағы сапалар, әлеуметтік дағдыны құраушы қабілеттер болып табылады.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Оқыту мен тәрбиелеуге қатысты құндылыққа бағытталған тәсіл мектеп климатында, мәдениетте, мінез-құлықта және барлық қызметкерлердің көзқарасында көрінетін орта білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болады. Құндылыққа бағдарланған тәсілді енгізу сынып менеджменті, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бойынша заманауи педагогикалық технологияларды енгізе отырып, білім беру ұйымдарында тәрбие процесін сапалы оқу-әдістемелік сүйемелдеуді, педагогтерді даярлау және қайта даярлау бағдарламаларының мазмұнына құндылықтарды сіңіруді талап етеді», - делінген [3].

Білім беру қызметінің нәтижелі жүзеге асуы және берілетін білімнің сапалы болуы үшін кәсіби құзыретті мұғалімдер, қолайлы орта, мектептің инфрақұрылымы, толық қамтылған оқу-әдістемелік қор қажет деп есептей келе, қолайлы орта құру жолы баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу, әлеуметтік дағдыларын дамыту деп білеміз. Әлеуметтік дағды маңызды, қажетті сапа, оны бастауыш мектеп кезеңінен бастап қалыптастыру тиімді, себебі бастауыш мектеп кезеңі оқушылардың өз ортасы қалыптасып, қарым-қатынасқа түсуді енді игеріп жатқан кезеңі.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту мәселесіне қатысты ғылыми-педагогикалық, психологиялық еңбектерге әдебиеттік шолу жасау арқылы төмендегідей теориялық материалдар анықталды:

Уикипедия ашық энциклопедиясында былай берілген: «Әлеуметтік дағдылар — бұл әлеуметтік ережелер мен қатынастар вербалды және вербалды емес жолдармен құрылып, жеткізіліп, өзгертілетін кез келген құзырет. Бұл дағдыларды үйрену процесі әлеуметтену деп аталады. Мұндай дағдылардың болмауы әлеуметтік ыңғайсыздық тудыруы мүмкін».

Әлеуметтік дағдылар – адамдарға қарым-қатынас орнатуға, үйренуге, көмек сұрауға, қажеттіліктерді дұрыс түрде қанағаттандыруға, басқалармен тіл табысуға, достар табуға, сау қарым-қатынас орнатуға, өзін қорғауға және жалпы қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін құралдар [4].

«Әлеуметтік дағды» ұғымының мәнін түсіну үшін осы тақырыптағы зерттеулерде берілген ғалымдардың түсініктерін қарастырып, 1-кестеде ұсындық.

Кесте 1 – «Әлеуметтік дағды» ұғымына контент талдау

Ғалымдар	Түсініктер
С.А.Нұржанова, Г.И. Салғараева	Әлеуметтік дағды – адам қоғамда өмір сүру үшін қолданатын өмір жолында меңгеретін өзара іс-қимыл мен әлеуметтік тәсілдердің жиынтығы [5, 221 б.].
Г.И. Салғараева	Әлеуметтік дағдылар – эмоционалдық жайлылыққа қол жеткізудің және әлеуметтік тәжірибеге ие болудың алғышарты [6, 282 б.].
С.Н.Жиенбаева, К.М. Ақбергенова	Әлеуметтік дағдылар – бұл басқа адамдармен қарым-қатынасты тиімді басқару мүмкіндігі [7, 252 б.].
С.В.Евглевская	Әлеуметтік дағдылар – бірлескен әрекетті орындауда өзгелермен тиімді өзара әрекеттестік құру қабілеті [8].
Sharma және Patrick	Әлеуметтік дағдылар – бұл жеке тұлғаның тіл, көз байланысы және басқа да тиісті әрекеттер арқылы қоғаммен байланыс орнатуға және әлеуметтік нормаларды ұстап тұруға көмектесетін қабілеттер жиынтығы [9, 211 б.].
Grover және басқалар	Әлеуметтік дағдылар – әлеуметтік ситуацияда тиімді әрекет етуше мүмкіндік беретін дағдылар [10].

Gresham және Elliott	Әлеуметтік дағдылар — бұл «адамға басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға және әлеуметтік тұрғыдан қабылданбайтын реакциялардан аулақ болуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қабылданатын үйренген мінез-құлықтар [11, 405 б.].
Patricia Soto-Icaza, Francisco Aboitiz және Pablo Billeke	Әлеуметтік дағдылар – бұл басқалармен өзара әрекеттесу, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін көптеген қабілеттер тобы [12].

Әлеуметтік дағдыны дамыту мәселесінің ғалымдардың еңбектерінде қарастырылу жағдайына талдау жасау нәтижесінде төмендегі ақпараттарды анықтадық:

1998 жылы Gresham әлеуметтік дағдылардағы кемшіліктерді әлеуметтік дағдыларды танымау және көрсетпеу, тиісті модельдерді модельдеудің жетіспеушілігі және даму мен өтпелі кезеңдерде белгілі бір жағдайларда қабылданатын мінез-құлықты көрсетпеу ретінде жіктесе [11], Rachel L.Grover бастаған зерттеушілер тобы әлеуметтік дағдыларды анықтаумен айналысқан. Олар әлеуметтік дағды мен әлеуметтік құзыреттіліктердің анықтамаларына талдау жасап, әрқайсының маңызды үлгілерін ұсына отырып, тиімділігін талқылаған. Төрт негізгі мақсатты дағдылар: коммуникативтік, эмоцияны реттеу, когнитивтік және әлеуметтік мәселелерді шешу дағдыларына бөлінген, өзара байланыстырылған модель құраған [10].

David J.Francis және D.Psy зерттеуі үйде оқытылатын және дәстүрлі білім алатын балалардың әлеуметтік дағдыларына салыстырмалы талдау жасауға бағытталған. Зерттеу нәтижесінде олардың әлеуметтік дағдылары шамалас екені, тіпті үйде оқытылатын балалардың әлеуметтік дағдысы жоғары екенін анықтап, оның себебі белгісіз деген қорытындыға келген [13].

Скопус қорындағы журналдарда жарияланған зерттеулерге шолу жасау нәтижесінде келесідей зерттеулер барын анықтадық:

Z.Selimović, H.Selimović және S.Opić бастауыш мектеп оқушылары арасында әлеуметтік дағдылардың дамуын зерттеу және әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларға негізделген ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау мақсатында зерттеу жүргізген. Нәтижесінде респонденттердің әлеуметтік құзыреттілікті бағалауда білім алушылардың жынысы мен бағасына қарай статистикалық маңызды айырмашылық бар екенін, әлеуметтік құзыреттілік пен оқушылардың мектептегі жетістіктері арасындағы байланыс бар екенін анықтаған [14].

K.Smolkowski бастаған зерттеушілер тобы бастауыш сынып оқушыларына арналған әлеуметтік дағдылар бағдарламасын бағалауды қарастырған. Атап айтқанда, бастауыш сынып оқушыларына академиялық және әлеуметтік дағдыларды үйретуге, сондай-ақ сыныпты басқарудағы мұғалімнің тиімділігін арттыруға арналған қысқа оқу бағдарламасы We Have Skills атты кездейсоқ бақылаулы зерттеудің нәтижелері баяндалған [15].

E.Al-Jbouri және басқалар бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамыту: мұғалім басқаратын араласуды бағалау үшін рандомизацияланған бақылау сынағын зерттеумен айналысқан. The Faith and Wellness атты күнделікті психикалық денсаулық ресурсының басқа ресурстардан уақыт, оқыту және ресурстарға байланысты туындайтын мәселелер бойынша артықшылықтарын талдауға бағытталса [16], M. Salimi және M. Fauziah мектепке дейінгі және бастауыш мектептердегі әлеуметтік дағдыларға жүйелі шолу жасаған. Бұл зерттеу 50 мақалада мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі әлеуметтік дағдылар көрсетілген, олар сыныптан тыс оқуды жүзеге асыру арқылы сәтті жақсарған, бұл оқушылардың ынтымақтастық, өз-өзіне сенімділік, жауапкершілік және өзін-өзі бақылау, интеллектуалдық қабілеттері, тіл, білім, компьютерлер, гендер және ата-аналық қолдау сияқты көзқарастарды көрсетеді. Бұл зерттеу педагогтар үшін әлеуметтік дағдыларды барынша арттыруға көмектесетін материал ретінде пайдалы. Болашақ зерттеушілерге студенттердің әлеуметтік дағдылар факторларын жүйелі түрде шолу ұсынылады [9].

Web of Science деректер қорында жарияланған A. Arnesen зерттеуі норвегиялық мектептерде қолданыс тапқан оқушылардың әлеуметтік дағдылары мен академиялық белсенділігін анықтайтын Elementary Social Behavior Assessment (ESBA) психометриялық қасиеттерін зерттеуге бағытталған [17].

Сонымен, ғылыми-педагогикалық еңбектердегі әлеуметтік дағдыны дамыту мәселесін зерттей келіп, «бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылары – олардың қоғамға ену, қарым-қатынас құру арқылы өзара бірлескен әрекет жасау іскерлігі» деген тұжырым жасаймыз және оның қамтитын дағдылар қатарын 1-суреттегідей ұсынамыз.



Сурет 1 - Әлеуметтік дағдылар тобы

Ескерту: С.В. Еглевская материалынан алынған [8]

Әлеуметтік дағдылар тобына қысқаша тоқталып өтелік:

Коммуникативтік әлеуметтік дағдылар – адамның қоршаған ортамен тілдік және вербалды емес қарым-қатынас орнату, өз ойын нақты жеткізу, тыңдау және түсіну қабілеттері. Оның құрамдас бөліктері: диалог жүргізу, сұрақ қою және жауап беру, дау-дамайды шешу, пікір білдіру және қабылдау.

Прецептивтік әлеуметтік дағдылар – адамдардың бір-бірін қабылдауы, тануы және сол арқылы әрекетке бейімделуі. Оның құрамдас бөліктері: эмоцияны тану және түсіну, ым-ишара, мимика арқылы сезімдерді ажырату, эмпатия таныту, яғни өзгенің жағдайын сезіне білу.

Танымдық әлеуметтік дағдылар – әлеуметтік жағдайларды бағалау, шешім қабылдау, себеп-салдарды түсіну қабілеті. Оның құрамдас бөліктері: әлеуметтік рөлдерді түсіну, өз әрекетінің салдарын болжай білу, моральдық-этикалық таңдау жасау.

Ұйымдастырушылық әлеуметтік дағдылар – топ ішінде тиімді жұмыс істеу, міндет бөлісу, ұжымдық әрекет ұйымдастыру. Оның құрамдас бөліктері: топ ережесін ұстану, өз рөлін орындау, топ мүшелерімен келісу, жоспарлау.


Рефлексиялық әлеуметтік дағдылар – адамның өз әрекетін, мінез-құлқын, қарым-қатынасын сараптау, түзету және жетілдіру қабілеті. Оның құрамдас бөліктері: өз іс-әрекетіне баға беру, жетістігі мен қатесін түсіну, болашақта өзін жетілдіру жоспарын құру.

Сондай-ақ зерттеу мәселесі бойынша теориялық материалдарға жасалған талдаулардан бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығын 2-суреттегідей нақтыладық.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығы зор, алайда оны ұйымдастыруда педагогикалық шарттар ескерілуі қажет. Ғылыми еңбектерде олар төмендегіше берілген:

- қолайлы орта құру (қарым-қатынасқа ашық, сенімді, қолдаушы орта қалыптастыру; топтық, жұптық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру);

- әлеуметтік бағытталған педагогикалық технологияларды қолдану (жобалық оқыту, коллаборативтік оқыту, арт технология);



Сурет 2 – Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығы

- тұлғалық-бағдарлы оқыту қағидасын ұстану (әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру, өзара құрмет, сыйластық, ынтымақтастық орнату);
- эмоциялық интеллектіні дамыту (эмпатия, өзін және өзгелерді түсінуін дамыту; эмоциялық жағдайларды талқылау, суреттеу, бағалау);
- педагог пен ата-ананың бірлескен жұмысын ұйымдастыру (отбасы мен мектеп арасындағы әлеуметтік тәрбиені үйлестіру; ата-анамен кері байланыс орнату);
- рефлексиялық органы дамыту (оқушылардың өз іс-әрекетін сараптауына жағдай жасау) [8].

Зерттеудің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту мәселесін ғылыми негіздеу және оқу үдерісінде тиімділігі айқындалатын әлеуметтік дағдыларды дамыту жолдарының теориялық-эмпирикалық негіздерін жалпылау.

Негізгі ережелер.

1. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылары – олардың қоғамға ену, қарым-қатынас құру арқылы өзара бірлескен әрекет жасау іскерлігі.
2. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту – олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуының, оқу үдерісіне табысты бейімделуінің және болашақ өмірге даярлануының негізі, олардың эмоционалдық тұрақтылығы үшін шешуші фактордың бірі.
3. Әлеуметтік дағдылар коммуникативтік, эмоционалдық, өзара әрекеттестік және мінез-құлық дағдыларының жиынтығы.
4. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытуда тұлғаға бағдарлау, жүйелілік, құзыреттілік, іс-әрекеттік ұстанымдары мен мақала барысында көрсетілген педагогикалық шарттарды сақтау.

Зерттеу барысында әлеуметтік дағды ұғымының мәні, зерттелу жайы қарастырылып, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңыздылығы, бұл бағыттағы тиімді жұмыс формалары қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мәселесі қоғамдағы өзекті тақырыпқа байланысты болғандықтан педагогикалық, психологиялық тұрғыдан жан-жақты талдауды қажет етеді. Зерттеу барысында түйінді ұғымдардың ғылыми-педагогикалық еңбектерде қарастырылуына теориялық талдау жасалып, ғылыми болжамымызға сәйкес бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың әдістемесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибеде тексеруді қамтитын эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту ауқымды жұмыс, ол үшін оның құраушы компоненттерін анықтап алу қажет. Сондықтан 2-кестеде біз бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін ұсынамыз.

Кесте 2 – Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштер
Коммуникативтік	Өз ойын жеткізу және басқаларды тыңдау қабілеті	- қарапайым сұрақтарға жауап бере алады; - өз пікірін еркін жеткізе алады; - әңгімелесушіні тыңдай біледі; - диалог жүргізу ережелерін сақтайды.
Эмоционалдық	Өз сезімін тану, басқару, басқалардың эмоциясын түсіну	- өз сезімдерін сөзбен білдіре алады; - эмоциясын бақылауға тырысады; - басқаның көңіл-күйіне назар аударады; - эмпатия танытады.
Әлеуметтік өзара әрекеттесу	Бірлескен іс-әрекетке қатысу, ережелерді сақтау	- топтық жұмысқа белсене қатысады; - шешімді бірлесе қабылдай алады; - қоғамдық нормаларды сақтайды; - көмек сұрайды және көмектесе алады.
Мінез-құлықтық	Әлеуметтік ортамен тиімді қарым-қатынас жасау	- қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алады; - конфликтін шешуге тырысады; - өзіне жүктелген тапсырманы орындайды; - сынып ережелерін сақтайды.

Белгіленген компонент, өлшем және көрсеткіштерге сай бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларының даму деңгейлерін келесідей етіп белгілеп алуды жөн көрдік:

Жоғары деңгей – оқушы басқалармен еркін және сыпайы қарым-қатынас жасай алады; топтық жұмысқа белсене қатысады, өз ойын еркін жеткізеді; эмоциясын дұрыс басқарады және өзгелердің сезімін түсінеді; қиындықтарды өз бетімен шешуге тырысады, жанжал болдырмайды; әлеуметтік нормаларды тұрақты сақтайды.

Орта деңгей – оқушы қарым-қатынаста белсенді, бірақ кейде ұяңдық пен сенімсіздік байқалады; өз пікірін айту қиын болса да, тырысады; эмоциясын әрдайым дұрыс білдіре бермейді; бірлескен әрекетке қатысады, бірақ жетекшілікке бейім емес; ережелерді кейде сақтамауы кездеседі.

Төмен деңгей – қарым-қатынас орнатуда қиналады, тұйық немесе агрессивті болуы мүмкін; эмоцияны басқару қабілеті төмен, ашуланшақ немесе жылауық; топтық жұмысқа қатысуға құлықсыз, өз пікірін айтпайды; әлеуметтік ережелерді жиі бұзады, жанжал тудыруы мүмкін; көмек сұрауға немесе көмек көрсетуге бейім емес.

Тәжірибелік құндылыққа ие зерттеуіміздің эксперименттік бөлімін қамтитын бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстар және олардың жүру барысы туралы мақаламыздың келесі бөлімінде баяндалады.

Нәтижелер мен талқылау. Жалпы педагогикалық экспериментке Алматы қаласындағы №185 мектеп-гимназияның 3-сынып оқушылары қамтылды, жалпы саны – 48. Олар эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді (әр топта 24 оқушыдан). Анықтаушы эксперименттік кезеңде А.П. Гольдштейннің «Әлеуметтік дағдыларды дамыту және бағалау» диагностикалық әдістемесі қолданылды. Ол бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларының даму деңгейін анықтау үшін тиімді әдістеме ретінде таңдалды, себебі бұл әдістеме бастапқы дағдылар; әңгіме барысында өзін көрсету; өзге адамның сезімін немесе жағдайын түсіну; алдағы жұмыстарды жоспарлау дағдысы және мінез-құлық баламалары секілді 5 категория бойынша жүргізіледі, сол арқылы біз жоғарыда көрсеткен әлеуметтік дағдылар тобын түгелдей қамтиды. Әдістemenің түгел дағдылар тобын қамтитынын артықшылығы ретінде қабылдай отырып, оны бастауыш сынып оқушыларына сай етіп сұрақтары мен тұжырымдарын қайта құрылымдап қолдандық, яғни біз А.П. Гольдштейн ұсынған дағдылар жүйесіне, оның бағдарламасында кездесетін типтік жаттығулар мен жағдайларға сүйене отырып жасалған бейімделген педагогикалық нұсқасын әзірледік.

Әдістеменің жүру барысы: бастауыш сынып оқушыларына біз белгілеп алған компоненттерге сай тұжырымдар ұсынылады, оқушылар бағалау шкаласына сай баллмен белгілеп тапсыруы қажет. Бағалау шкаласы: «иә» – 2 балл, «кейде» – 1 балл, «жоқ» – 0 балл.

Ұсынылған тұжырымдар:

Коммуникативтік дағдылар:

1. Сыныптастарыммен оңай тіл табысамын
2. Жаңа адамдармен танысудан қорықпаймын
3. Ұстаздарыммен еркін сөйлесе аламын
4. Қиындық туғанда көмек сұраймын
5. Өз ойымды ашық жеткізе аламын

Эмоционалдық дағдылар:

6. Ашулансам, өзімді сабырға шақыра аламын
7. Басқалардың көңіл-күйін байқай аламын
8. Біреу ренжісе, жұбатуға тырысамын
9. Өз сезімімді дұрыс білдіре аламын
10. Бір нәрсе ұнамаса, оны сабырмен айтамын

Әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары:

11. Топпен жұмыс істеу маған ұнайды
12. Өзгелермен келісімге келуге тырысамын
13. Қиын жағдайлардан шығуға жол таба аламын
14. Сыныптағы іс-шараларға белсенді қатысамын
15. Басқалардың пікірін тыңдай аламын

Мінез-құлық дағдылары:

16. Ережелерді сақтаймын
17. Тапсырманы уақытында орындаймын
18. Ұрыспай, бейбіт жолмен мәселені шешуге тырысамын
19. Жауапкершілікті өз мойныма ала аламын
20. Жақсы үлгі көрсетуге тырысамын

Нәтижені өңдеу:

- 35-40 балл – жоғары деңгей
- 25-34 балл – орта деңгей
- 0-24 балл – төмен деңгей

Бұл әдістеме оқушының белгілеуі арқылы жүреді, алайда оқушы кейде тұжырымды дұрыс түсінбеуі мүмкін немесе басқаларға өзінің жеке көзқарасы шеңберінде жауапты бұрмалап белгілеуі мүмкін екендігін ескере келе, осы әдістемеге қосымша мұғалімнің бақылауын да ұйымдастырдық. Мұғалім оқушыларды мынадай көрсеткіштері бойынша бақылап, нәтижесін белгілеп отыруы қажет болды және әр көрсеткіш 0-3 баллмен бағаланатыны ескертілді (0 – байқалмайды; 1 – сирек байқалады; 2-кейде байқалады; 3 – тұрақты байқалады):

1. Қарым-қатынас дағдылары

- құрдастарыммен еркін қарым-қатынас жасайды
- ересектермен сыпайы сөйлеседі
- біреудің пікірін тыңдай біледі

2. Эмоциялық жауаптар

- басқа адамның көңіл-күйін түсіне алады
- өз эмоцияларын білдіре алады
- жағымсыз эмоцияларын бақылай алады

3. Әлеуметтік ережелерді ұстану

- ортақ ережелерді сақтайды
- жауапкершілікпен қарайды
- топта жұмыс істей алады

4. Шиеленісті жағдайдағы әрекет

- қақтығысты бейбіт жолмен шешуге тырысады
- көмек сұрай біледі
- өз қателігін мойындай алады

Жалпы ұпай санымен бағалау:

- 0–12 балл – төмен деңгей
- 13–24 балл – орта деңгей
- 25–36 балл – жоғары деңгей


Жүргізілген әдістемелер бойынша алынған мәліметтерге қысқаша тоқталсақ, А.П. Гольдштейн әдістемесі бойынша оқушылардың жауаптарында ұстаздармен еркін сөйлесу, ұнамаған нәрсесін сабырмен айту, өзгелермен келісімге келу, қиын жағдайлардан жол табу, жауапкершілікті өз мойнына алу секілді көрсеткіштер бойынша өздерін төмен бағалайтыны анықталды. Ал сыныптастарымен еркін тіл табысу, көңіліне қарау, жұбату, топпен жұмыс істеу, ережені сақтау деген көрсеткіштер бойынша жоғары бағалайтыны анықталды. Яғни, эксперименттік топтан 9 оқушы 35-40 балл аралығындағы баллды, 12 оқушы 25-34 аралығындағы баллды, 3 оқушы 0-24 аралығындағы балл жинаса, бақылау тобындағы 9 оқушы әлеуметтік дағдыны жоғары, 13 оқушы орта, 2 оқушы төмен деңгейде игергенін көрсеткен.

Мұғалімнің бақылауы нәтижесінде өз эмоциясын білдіру, жағымсыз эмоцияны басқара алу, өз қателігін мойындау, қақтығысты бейбіт жолмен шешу сынды көрсеткіштер бойынша оқушылар төмен деңгейде екенін, еркін қарым-қатынас жасау, ересектермен сыпайы болу, топта жұмыс істеу көрсеткіштері бойынша жоғары деңгейде екенін байқадық. Сандық мәліметтерге келер болсақ, 35-40 балл аралығындағы баллды екі топтан да 7 оқушы, 25-34 балл аралығындағы баллды эксперименттік топтан 10, бақылау тобынан 11 оқушы, 0-24 балл аралығындағы баллды эксперименттік топтан 7, бақылау тобынан 6 оқушы жинаған.

Сонымен, анықтаушы кезеңдегі диагностикалық әдістемелерден алынған нәтижелерді кесте және диаграмма түрінде ұсынамыз (3-кесте, 3-сурет).

Кесте 3 – Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатындағы анықтаушы эксперименттік кезеңде жүргізілген жұмыстар және олардың нәтижелері

Деңгейлер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
А.П. Гольдштейннің «Әлеуметтік дағдыларды дамыту және бағалау» диагностикалық әдістемесі		
Жоғары	38 %	36 %
Орта	50 %	53 %
Төмен	12 %	11 %
Мұғалімнің бақылауы		
Жоғары	28 %	29 %
Орта	42 %	45 %
Төмен	30 %	26 %



Сурет 3 – Анықтаушы эксперименттік кезеңде жүргізілген жұмыстардан алынған нәтижелер

Анықтаушы эксперимент нәтижелерінен екі топтың да жүргізілген диагностикалық әдістемелер бойынша әлеуметтік дағдыларды игеру деңгейлерінің орташа есеппен алғанда орта деңгейде екенін анықтадық. Нәтижені жақсарту мүмкіндігі бар деп есептейміз. Себебі, оқушының әлеуметтік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары анықталып, оның педагогикалық шарттары ескерілсе, төмен деңгейде игерілген дағды бойынша жұмысқа баса мән бере отырып жоғары нәтиже алуға болады деп ойлаймыз. Сол себептен қалыптастырушы эксперименттік кезең жоспарын құрдық. Ол әр аптада бір компонент бойынша жүргізілетін келесідей жұмыс түрлерін қамтиды:

1-апта. Коммуникативтік компонент бойынша: «Танысу шеңбері» ойыны (оқушылар есімдерін айтып, өздері туралы бір жағымды ақпаратпен бөліседі); рөлдік ойындар (дүкенде, кітапханада, дәріханадағы диалог қойылымы); «Сұрақ-жауап шеңбері» (оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, диалог құрады).

2-апта. Эмоционалдық компонент бойынша: «Менің сезімім» (күн сайын оқушылар өз көңіл-күйін суретпен немесе сөзбен бейнелейді); түрлі эмоцияларды тануға, түсінуге арналған карталармен жұмыс; «көңіл-күйін түсін» (оқушылар бір-бірінің бет-әлпетінен эмоцияны таниды).

3-апта. Әлеуметтік өзара әрекеттесу компоненті бойынша: топтық жоба жұмысы; «Жақсылық жаса» апталығы, «Көмектес» ойыны.

4-апта. Мінез-құлықтық компонент бойынша: сынып ережелерімен жұмыс; «Жағдаятты талдау» (келіспеушілік туралы жағдаятты талдау); «Болмайды-болады» ойыны (дұрыс емес әрекеттер көрсетіліп, оны түзету жолдарын айту тапсырылады).

5-6 аптада аралас тапсырмалар берілсе, 7-8 апталарда оқушылар шығармашылық жұмыс жасайды.

Шығармашылық жұмыс үлгілері:

1) Рөлдік ойындар (драматизация). «Дос болу деген не?», «Қиын жағдайда не істеу керек?» сияқты тақырыптарда шағын көріністер қою.

2) Сурет салу немесе коллаж жасау. «Менің досым», «Бірлескен әрекет», «Қуаныш пен қайғыны бөлісу» тақырыптарында бірлескен топтық сурет немесе плакат жасау.

3) Эссе немесе шағын әңгіме жазу. «Менің біреуге көмектескен күнім», «Сыйластық деген не?», «Менің арманымдағы сынып» тақырыптарына оқушы шағын эссе немесе әңгіме жазуы керек.

4) Жағдаяттық тапсырма шешу. «Досың саған ренжіп қалса, не істейсің?», «Сені ойынға қоспай қойса, әрекетің қандай болмақ?» сынды жағдаяттарға оқушылар әртүрлі шешім ұсынуы қажет.

5) Топтық жоба жұмысын жасау. «Қиялымыздағы мектеп ауласы», «Біздің болашақ кітапхана» сынды тақырыптарға оқушылар шығармашылықпен бірлесе жоба жұмысын дайындауы тапсырылады.

Осы уақыт аралығында оқушылар өз әрекеттерін кестеге түсіріп, мінез-құлықтарындағы өзгерісті анықтауға ұмтылуы қажет. Барлық жұмыстардан соң рефлексия жүргізіледі, ол жұмыс барысындағы оқушының өзін-өзі ұстауын, тапсырманы орындау деңгейін және сол арқылы әлеуметтік дағды компоненттерін игеру жағдайын түртіп алу үшін қажет.

Қорытынды. Бастауыш сынып оқушылары қоғамға енуі, қарым-қатынас құру арқылы өз қажеттілігін қанағаттандыруы, білім, білік, дағды игеруі, сол арқылы өзін жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруы үшін әлеуметтік дағдыларды жоғары деңгейде меңгеруінің маңызы зор. Оқушы әлеуметтік дағдыны игеру арқылы өзіндік «Мен» тұжырымын қалыптастырады, өзіне сенімділігі күшейеді, қоғамдық заңдылықтарды жеңіл игереді, эмоционалдық тұрғыда дұрыс дами алады. Сондықтан оқушының әлеуметтік дағдыларын дамыту – білім беру жүйесі алдын-дағы маңызды міндет, өзекті мәселе. Ол мұғалімнен теориялық білім мен әдістемелік шеберлікті ғана емес, жалпы адами қарым-қатынас құруды, құндылықтарды сіңіртуді, адамгершілік нормаларын ұстануды талап етеді. Зерттеу барысында әлеуметтік дағды төңірегінде жүргізілген зерттеулерге талдау жасалып, түйінді ұғымның мәні нақтыланды; бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамытудың тиімділігі көрсетіліп, оның негізгі компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, оқушыда қалыптасу деңгейлері айқындалды. Эксперименттік жұмыстар екі кезеңде жүзеге асқаны, анықтаушы кезеңде диагностикалық әдістемелер арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларының қалыптасу деңгейлері анықталып, ол қалыптастырушы кезеңмен ұласуы, онда жүргізілген жұмыс жоспары баяндалды. Сонымен, қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту баса назар аударарлық міндет екенін айқындай отырып, ол міндетті орындауда біз ұсынған жұмыс түрлерінің мүмкіндігі зор деген тұжырымға келеміз.

Зерттеу мәселесі бойынша төмендегідей ұсыныстар әзірледік:

- Бастауыш сыныптардың сыныптан тыс іс-шаралар жоспарында әлеуметтік дағдыны дамыту бағытындағы жұмыстардың болуы міндеттелсе;

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағдарламасына әлеуметтік дағдыны дамыту жұмыстары бойынша әдістемелік курс енгізілсе.

Зерттеу тақырыбы ауқымды, әлеуметтік дағдының қамтитын дағдылар шеңбері кең. Сондықтан бұл мәселе бір ғана зерттеу базасы аясында жүзеге аспауы тиіс, алдағы уақытта өңір ерекшеліктерін ескеріп, бірнеше өңір оқушыларын тарту, әлеуметтік дағдыларды дамыту жұмыстарын отбасы-мектеп екі жақты байланысы арқылы ұйымдастыру арқылы кешенді зерттеу жүргізілуі тиіс деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгертулер мен толықтырулармен) ИС. – 22.04.2016. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 20 желтоқсан)

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 20 желтоқсан)

3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z45> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 10 желтоқсан)

4. Dowd Tom P.; Tierney, Jeff *Teaching Social Skills to Youth: A Step-by-step Guide to 182 Basic to Complex Skills Plus Helpful Teaching Techniques.* Boys Town Press, 8 October 2017. ISBN 9781889322698 – via Google Books.

5. Нұржанова С.А., Салғараева Г.И. *Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын қалыптастыру мәселелері Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы.* - №1(77). - 2019. - Б. 221-225

Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/bastauysh-synyp-o-ushylaryny-leumettik-da-dysyn-alyptastyru-m-seleleri> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 2 желтоқсан)

6. Салғараева Г.И. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту ерекшеліктері Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. - №4(80). - 2019. - Б. 281-286. Қолжетімді: <file:///C:/Users/user/Downloads/bastauysh-synyp-o-ushylaryny-leumettik-da-dylaryn-damytu-erekshelikteri.pdf> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 2 желтоқсан)

7. Жиенбева С.Н., Акбергенова К.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. - №4(80), 2019. - Б. 251-257 Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/mektep-zhasyna-deyingi-balalardy-leumettik-da-dylaryn-alyptastyrudu-pedagogikaly-m-mkindikteri> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 25 желтоқсан)

8. Евлевская С.В. Формирование социальных навыков обучающихся «Научно-практический электронный журнал Аллея Науки». - №9(25).- 2018 Alley-science.ru Қолжетімді: https://alley-science.ru/domains_data/files/68October18/FORMIROVANIE%20SOCIALNYH%20NAVYKOV%20OBUCHAYUSHISYA.pdf (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 21 желтоқсан)

9. Salimi M., Dardiri A., & Sujarwo. The profile of students' social skills of Begawan solo elementary nature school. *European Journal of Educational Research*. - № 10(1),2021 - P. 211-226. <https://doi.org/10.12973/eu-jer.10.1.211>

10. Rachel L. Grover, Douglas W. Nangle, Michelle Buffie, Laura A. Andrews, Chapter 1 - Defining social skills, Editor(s): Douglas W. Nangle, Cynthia A. Erdley, Rebecca A. Schwartz-Mette, *Social Skills Across the Life Span, Academic Press, 2020, Pages 3-24, ISBN 9780128177525, https://doi.org/10.1016/B978-0-12-817752-5.00001-9*

11. Gresham F.M. Teaching Social Skills to High-Risk Children and Youth: Preventive and Remedial Strategies. In M. R. Shinn, H. M. Walker, & G. Stoner (Eds.), *Interventions for academic and behavior problems II: Preventive and remedial approaches* (pp. 403–432). National Association of School Psychologists, 2002

12. Soto-Icaza P, Aboitiz F, Billeke P. Development of social skills in children: neural and behavioral evidence for the elaboration of cognitive models. *Front Neurosci*. 2015 Sep 29;9:333. doi: 10.3389/fnins.2015.00333. PMID: 26483621; PMCID: PMC4586412.

13. David J. Francis, Psy.D. Social Skills of Home Schooled and Conventionally Schooled Children: A Comparison Study *Social Skills: A Comparison Study Jan 10, 2004* Қолжетімді: <https://nheri.org/home-school-researcher-social-skills-a-comparison-study/> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 20 желтоқсан)

14. Selimovi Z, Selimović H., & Opić S. Development of social skills among elementary school children. *International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE)*, 6(1),2018. 17–30. <https://doi.org/10.5937/ijcrsee1801017S>

15. Smolkowski K., Walker H., Marque B., Kosty D., Vincent C., Black C., ... Strycker, L.A. Evaluation of a Social Skills Program for Early Elementary Students: We Have Skills. *Journal of Research on Educational Effectiveness*, 15(4),2022. 717–747. <https://doi.org/10.1080/19345747.2022.2037798>

16. Al-Jbouri E, Andrews NCZ, Peddigrew E, Fortier A, Weaver T. Building elementary students' social and emotional skills: A randomized control trial to evaluate a teacher-led intervention. *School Ment Health*. 2023;15(1):138-150. doi: 10.1007/s12310-022-09538-x. Epub 2022 Sep 2. PMID: 36068796; PMCID: PMC9438393.

17. Arnesen A., Smolkowski K., Ogden T., & Melby-Lervåg M. Validation of the elementary social behavior assessment: Teacher ratings of students' social skills adapted to Norwegian, Grades 1 to 6. *Emotional and Behavioural Difficulties*, 23(1),2018. 39–54. <https://doi.org/10.1080/13632752.2017.1316473>

References:

1. Bilim turaly Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27 шилдедегі № 319-III Заңы (Redakciya 01.01.2016 жылғы берілген өзгертuler мен tolyқтыrularmen) IS. – 22.04.2016. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 20 желтоқсан)

2. Мектепке деjingи тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негизgi орта, жалпы орта, техhникалық және кәсіптік, орта билimmen кейинgi bilim берудің мемлекеттік жалпыға mindetti standartтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрiнiң 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұjрығы Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 20 желтоқсан)

3. Қазақстан Республикасында мектепке деjingи, орта, техhникалық және кәсіптік bilim беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ykimетiнiң 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z45> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 10 желтоқсан)

4. Dowd Tom P.; Tierney Jeff Teaching Social Skills to Youth: A Step-by-step Guide to 182 Basic to Complex Skills Plus Helpful Teaching Techniques. Boys Town Press. ISBN 9781889322698 – via Google Books, 8 October 2017.

5. Нұржанова С.А., Салғараева Г.И. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын қалыптастыру мәселелері Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. - №1(77), 2019. - Б. 221-225 Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/bastauysh-synyp-o-ushylaryny-leumettik-da-dysyn-alyptastyru-m-seleleri> (қол жеткізілген күні 2025 жылғы 2 желтоқсан)

6. Салғараева Г.И. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдыларын дамыту ерекшеліктері Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. - № 4(80), 2019. - Б. 281-286. Қолжетімді:

<file:///C:/Users/user/Downloads/bastauysh-synyp-o-ushylaryny-leumettik-da-dylaryn-damytu-erekshelikteri.pdf> (қол зhetkizilgen кyни 2025 zhylzy 2 zheltoқsan)

7. ZHienbeva S.N., Akbergenova K.M. Mektep zhasyna deyingi balalardyń әleumettik daғdylyryn қалыptastyрудың pedagogikalық mymkindikteri. Қазақ ұлттық Kызdar pedagogikalық universitetiniң Habarshysy. №4(80), 2019.- B.251-257 Қолzhetimdi: <https://cyberleninka.ru/article/n/mektep-zhasyna-deyingi-balalardy-leumettik-da-dylaryn-alyptastyrudy-pedagogikalы-m-mkindikteri> (қол zhetkizilgen кyни 2025 zhylzy 25 zheltoқsan)

8. Evglevskaya S.V. Formirovanie social'nyh navykov obuchayushchihsya «Nauchno-prakticheskij elektronnyj zhurnal Alleya Nauki». - №9(25).- 2018 Alley-science.ru Қолzhetimdi: https://alley-science.ru/domains_data/files/68October18/FORMIROVANIE%20SOCIALNYH%20NAVYKOV%20OBUCHAYUSHIHSYA.pdf (қол zhetkizilgen кyни 2025 zhylzy 21 zheltoқsan)

9. Salimi M., Dardiri A., & Sujarwo. The profile of students' social skills of Begawan solo elementary nature school. *European Journal of Educational Research*, 10(1),2021. - P. 211-226. <https://doi.org/10.12973/eu-jer.10.1.211>

10. Rachel L. Grover, Douglas W. Nangle, Michelle Buffie, Laura A. Andrews, Chapter 1 - Defining social skills, Editor(s): Douglas W. Nangle, Cynthia A. Erdley, Rebecca A. Schwartz-Mette, *Social Skills Across the Life Span*, Academic Press, 2020, Pages 3-24, ISBN 9780128177525, <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-817752-5.00001-9>

11. Gresham F.M. Teaching Social Skills to High-Risk Children and Youth: Preventive and Remedial Strategies. In M. R. Shinn, H. M. Walker, & G. Stoner (Eds.), *Interventions for academic and behavior problems II: Preventive and remedial approaches* (pp. 403–432). National Association of School Psychologists, 2002

12. Soto-Icaza P, Aboitiz F, Billeke P. Development of social skills in children: neural and behavioral evidence for the elaboration of cognitive models. *Front Neurosci*. 2015 Sep 29;9:333. doi: 10.3389/fnins.2015.00333. PMID: 26483621; PMCID: PMC4586412.

13. David J. Francis, Psy.D. Social Skills of Home Schooled and Conventionally Schooled Children: A Comparison Study *Social Skills: A Comparison Study Jan 10, 2004* Қолzhetimdi: <https://nheri.org/home-school-researcher-social-skills-a-comparison-study/> (қол zhetkizilgen кyни 2025 zhylzy 20 zheltoқsan)

14. Selimović Z., Selimović H., & Opić S. Development of social skills among elementary school children. *International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE)*, 6(1),2018. 17–30. <https://doi.org/10.5937/ijcrsee1801017S>

15. Smolkowski K., Walker H., Marquez B., Kosty D., Vincent C., Black C., ... Strycker L. A. Evaluation of a Social Skills Program for Early Elementary Students: We Have Skills. *Journal of Research on Educational Effectiveness*, 15(4),2022. 717–747. <https://doi.org/10.1080/19345747.2022.2037798>

16. Al-Jbouri E, Andrews NCZ, Peddigrew E, Fortier A, Weaver T. Building elementary students' social and emotional skills: A randomized control trial to evaluate a teacher-led intervention. *School Ment Health*. 2023;15(1):138-150. doi: 10.1007/s12310-022-09538-x. Epub 2022 Sep 2. PMID: 36068796; PMCID: PMC9438393.

17. Arnesen A., Smolkowski K., Ogden T., & Melby-Lervåg, M. Validation of the elementary social behavior assessment: Teacher ratings of students' social skills adapted to Norwegian, Grades 1 to 6. *Emotional and Behavioural Difficulties*, 23(1),2018. 39–54. <https://doi.org/10.1080/13632752.2017.1316473>

FTAXP 14.25.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.89.1.039>

Ж.А.Жунусова,^{1*}  Г.А.Абаева,¹  А.Н.Умирбекова¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан

АВА ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Аутистік спектр бұзылыстары (АСБ) бар балалардың әлеуметтік дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы (көзқарас контакті бастау, бірлескен ойынға кіру, кезек күту, әлеуметтік түрде көмек сұрау) олардың білім беру ортаға енуіне және оқу үдерісіне толыққанды қатысуына кедергі келтіреді. Елімізде бұл дағдылар жиі тек «мінез-құлық мәселесі» ретінде қарастырылып, мақсатты түрде оқыту нысаны ретінде жүйелі жоспарланбайды. Осыған байланысты әлеуметтік өзара әрекетті құрылымдалған түрде үйрету моделі өзекті. Зерттеу барысында қолданбалы мінез-құлықтық талдауға (Applied Behavior Analysis, АВА) негізделген интервенцияның АСБ бар балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпалын бағалау жүргізілді. Оның барысында зерттеуге 5–7 жастағы аутистік спектр бұзылыстары бар 12 бала қатысты. Қалыптастыру деңгейінде 8 апта бойы АВА-негізіндегі бағдарлама жүргізілді (аптасына орта есеппен 3 сессия, әр сессия ~40–45 минут), әрі әлеуметтік дағдылар интервенцияға дейін және кейін салыстырылды. Салыстыру кезінде нысаналы дағдылар: көзқарас контакті